

## 2016 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидиялар алуға арналған тізіміне қосу үшін өтінімдерді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 243 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 қазанды № 6679 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидасының 10-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген) сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға арналған ауыл шаруашылығы басым дақылдарының субсидияланатын әр түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тізімге қосу үшін ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 2 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

К. Габдулин

Әкімдіктің

2016 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 243 қаулысына қосымша

**2016 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидиялар алуға арналған тізіміне қосу үшін өтінімдерді ұсыну мерзімдері**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Субсидиялар алуға арналған тізіміне қосу үшін өтінімдерді ұсыну мерзімдері
1	Жаздық жұмсақ бидай Күздік бидай	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
2	Жаздық қатты бидай	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
3	Сұлы Арпа Тары Қарақұмық	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
4	Күздік қара бидай	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
5	Бұршақ Нұт Жасымық	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
6	Күнбағыс	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
7	Рапс	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
8	Зығыр	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
9	Мақсары	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
10	Картоп	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
11	Көкөністер	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
12	Бақша дақылдары	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
13	Сүрлемдік жүгегі мен күнбағыс	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
14	Сүрлемдік жүгегі	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
15	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін
16	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе түпкілікті жаксарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	2 қыркүйектен бастап 15 қыркүйекке дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК